

Келес ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілумен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 маусымдағы № 15-111-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 шілдеде № 5140 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 22-165-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 31.01.2020 № 22-165-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Келес ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Келес ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Келес ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Келес аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс

тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Келес аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Жүзенов

А. Тотиков

Келес аудандық мәслихатының

2019 жылғы 25 маусымдағы

№ 15-111-VI шешіміне

1-қосымша

Келес ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0 , 9 5 1,061
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалысүйлері	1 орын	1
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,3992
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақбанктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,275
6	Емханалар	1 келіп кету	0,275
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,0001
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,2
13	Спорт, би және ойынзалдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,2
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	1,23

15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м2	-
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,974
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,2
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,5
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	-
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,91
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,107
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,2
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,27
28	Зергерлік, аяқкиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,06
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
31	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	-
32	Бау-бақшакооперативтері	1 учаске	0,0019

Келес аудандық мәслихатының
2019 жылғы 25 маусымдағы
№ 15-111-VI шешіміне
2-қосымша

Келес ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

р/с №	Атауы	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, алып кету тарифтері		
1.1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	90

1.2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	101
	Жайлы, жайлы емес үйлер	2 тұрғын	200
		3 тұрғын	300
		4 және одан көп тұрғын	366
1.3	Заңды тұлғалар	1 текше метр	690
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр	201
2.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1005
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге арналған тарифтер		260

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК